



Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті  
Филология факультеті  
Қазақ тілі білімі кафедрасы  
Мамаева Гүлнар Бейсенқызы  
Филология ғылымының кандидаты, қауымдастырылған профессор




**Пән атауы: «Қазіргі қазақ тілінің  
морфологиясы және сөзжасамы»**




# Дәріс тақырыбы: Сөзжасамдық бірліктер




## **Қарастырылатын мәселелер:**


- Сөзжасамдық ұя, құрылымы, мүшелері;
  - Сөзжасамдық жұп, сөзжасамдық саты;
  - Сөзжасамдық тізбек, тарам және сөзжасамдық тип пен үлгі.
- 




Сөзжасамдық ұяны анықтауда синтетикалық тәсіл арқылы жасалған сөздердің мәні зор.

Қазақ тіл білімінде жұрнақ терминін бірінші қолданып, оның анықтамасын берген – А. Байтұрсынұлы [1, 182-255].





Сөзжасамдық тәсілдер арқылы негіз сөзден жасалып, атау қызметін атқаратын белгілі құрылымдағы түбірлес туынды сөздердің жиынтығы – **сөзжасамдық ұя** деп аталады [2, 147].



## Сөзжасамдық ұя болу үшін:

Бір негізден тарайтын түбірлес сөздердің жиынтығы болуы қажет.


Түбірлес сөздердің әрқайсысының жеке номинативтік мағынасы болуы шарт.

Түбірлес туынды сөздер әр түрлі тәсіл арқылы жасалуы ықтимал.


Омонимдес тұлғалар сөзжасамдық ұяға ене алмайды [3, 78].




Мысалы:

- *Ардақ – ардақта, ардақтал, ардақталу т.б.*
  - *Жел – желді, желдік т.б.*
  - *Көтер – көтерме, көтермеле, көтермелеу т.б.*
- 





Сөзжасамдық ұя мүшелері кез келген орында орналаса бермейді, олардың орналасуының **қалыптасқан тәртібі** бар. Сөзжасамдық ұяда ол қатаң сақталады.





Сөзжасамдық жұп


Сөзжасамдық тізбек

Ұяны құрайтын тұрақты  
мүшелер

Сөзжасамдық тарам

Сөзжасамдық саты







Негізгі сөз бен туынды  
түбір сөздің жұбы  
**сөзжасамдық жұп** деп  
аталады.

Сөзжасамдық ұяның  
ең кішісінде бір, екі  
сөзжасамдық жұп  
болады.


Мысалы: *пән – пәндес*,  
*пән – пәндік*. Мұнда 2  
жұп бар.







Сөзжасамдық ұя  
неғұрлым көп туынды  
сөзден құралса,  
соғұрлым сөзжасамдық  
жүп саны да көп болады.

Жүп сыңарларының  
мағыналары бір-  
бірімен байланысты  
болады.






Туынды сөздердің  
әрқайсысы ұяның бір  
**сатысында** жасалады.  
Тізбектегі сатыларды  
құрайтын туынды сөздер әр  
түрлі сөз табына жата береді.



Мысалы: *боз – бозар –  
бозараң – бозараңда –  
бозараңдат – бозараңдатқыз*  
тізбегіндегі боз сөзінен  
туындаған 5 сөздің  
әрқайсысы бір-бір сатыны  
құрайды.




**Сөзжасамдық саты** деп негіз сөз бен сөзжасамдық жұрнақтан тұратын сөзжасамдық ұядағы туынды түбірлердің жасалу ретін білдіретін тілдік бірлік аталады.



Мысалы: *жаз, жазба, жазбау, жазбаушылық.*





Бір түбірден тараған, біріне-бірі негіз болатын сөздердің тобы **сөзжасамдық тізбек** деп аталады.


Тізбектің құрамында қанша сөз болса да, олардың бәрі бір-бірімен мағыналық байланысы бар сөздер болады.


Мысалы:

*Жаз – жазу, жазушы, жазушылық.*

*Жаз – жазба, жазбау, жазбаушы, жазбаушылық.*


*Жаз – жазгыз, жазгыздыр, жазгыздырма, жазгыздырмау, т.б.*






1980 жылғы «Русская грамматика» атты академиялық грамматикада сөзжасамдық тізбекке: «**Словообразовательная цепочка** – это ряд однокоренных слов, находящихся в отношениях последовательной мотивированности» деген анықтама берілген [4, 127].







**Сөзжасамдық тарам деп тік қатардағы бір сатыда бір негіз сөзден өрбіген туынды сөздердің жиынтығы аталады.**




Мысалы, *өр* сөзінен:

- 1) *өрбі, өргіз, өрдір, өріс;*
  - 2) *өріссіз, өрісті, өрісте, өрісшіл, өрістес;*
  - 3) *өрістел, өрістен, өрістет;*
  - 4) *өрістік, өрістілік;*
  - 5) *өрістетіл, өрістеңкіре.*
- 



**Сөзжасамдық тип**  
деп бір сөз табынан  
белгілі бір жұрнақ  
арқылы жасалған ұқсас  
мағыналы туынды  
сөздердің жасалуы.

Мысалы, етістік  
тудыратын жұрнақтар  
арқылы жасалған (*-ла/-  
ле, -да/-де, -та/-те*)  
туынды түбірлер бір  
сөзжасамдық типке  
жатады: *байла, көзде,  
қолда, т.б.*






**Сөзжасамдық үлгі** – туынды сөздердің құрамындағы бір тұлғаның ортақ болуы арқылы қалыптасқан екіншілік мағыналы туынды сөздер.



Мысалы, сөзге тек *-шы* жұрнағының жалғануы жалпы атауға кісінің мамандығына, қызметіне қатысты ғана атаулар туындай алады: *ән – әнші, би – биші, домбыра – домбырашы*.



### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі:**

1. Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 445 б.
  2. Оралбай Н. Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі. – Алматы: Ғылым, 1989. – 365 б.
  3. Құрманәлиев Қ. Сөзжасамдық ұяның синтагматикалық күрделі бірліктері. – Алматы, 1999. – 96 б.
  4. Русская грамматика / Н.Ю. Шведова. — Мәскеу: Наука, 1980. – 743 б.
- 



**Назарларыңызға рақмет!**